



## «Жан жылуы» қайырымдылық акциясы

Шайжүнісов ШЫҒЫН  
бағындырушылар мектебінің құрамы  
жыл сайын бітіруші түлектерін  
шығарып салып, жаңадан қатарға  
қосылған білім алушылармен толығып

отырады. Үлгілі білімдерімен қатар, колледжішілік шараларды белсенді  
ұйымдастырып, құрбыларын жаңа идеялармен, бастамалармен



алға жетелеп жүретін бұл білім алушылар әрдайым өздерінің жан-  
жақтылықтарын көрсетіп жүреді. Колледж ұжымы мен білім алушы  
ларын ұйымдастырып, 1 маусым «Балаларды қорғау күні», барлық  
бүлдіршін асыға күтетін Жаңа Жыл мерекелері қарсаңында  
қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып, балалар үйіне керек киім-  
кешек, дәрі-дәрмек сатып алып, үлкен көмек көрсетіп жатады.



Өздері де әлі табыс таппайтын болғандықтан, ата-ана қамқорына  
зәру балалардың тағдырына алаңдағанда, өздіктерінен табыс табуға әркез  
дайын.

Өз қолдарынан пісіріп, дайындап әкелеген тағамдарын сатып, түскен ақшаны қайырымдылық қорына тапсыру, білім алушыларымыздың асқан жауапкершілітерін, жүректерінің кең, әрі мейірімді екендіктерін көрсетеді.

Әр топ білім алушылары басқа топтарға қарағанда көбірек ақша

тапқылары келіп, тоқаш, бәліш, әр түрлі салат, неше түрлі сусындар, тіпті ыстық тамақ түрлерінен де жасап әкеліп,

колледж студенттерін бір тойдырады.

Өздерінің қоғамға пайдалы іс жасап, оның ата-ана жылуына зәру жетім балаларға септігінің тиетінін

ойлағанда, көздерінде от ойнап, бойларын үлкен құлшыныс билейді.

Жақия ұстаздың үні жаңғырып, табанының іздері қалған Құмар Раев атындағы балалар үйімен де тығыз қарым-қатынаста екендігіміздің бір дәлелі, осындай қайырымдылық акциялары кезінде, жолдың қашықтығына қарамай, ол жаққа да ат басын бұрып тұрамыз.

Ақшамыз мол жиналған кездерде, Көкпекті балалар үйіне де барып,



концерт қойып, ойындар ойнатып, әр түрлі сыйлықтарымызбен қуантып келеміз.

Ата-анаға ғана тән жан жылуын бере алмасақ та, бір уақыт жандары жабырқаған, көздері мөлдіреген қаракөздерімізді қуантып қайтамыз.